

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ОНЫҢ ФИЛИАЛЫ НЕМЕСЕ ӨКІЛДІКТЕРІ), ШЕТЕЛДІК ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ЕЛШІЛІК ӨКІЛДІК, ЖЕКЕ КӘСІПКЕР, ЖЕКЕ НОТАРИУС, ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ, АДВОКАТ
ЖӘНЕ КӘСІБИ МЕДИАТОРДЫҢ ПАЙДАСЫНА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДАН ТӨЛЕМДЕР ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ
АУДАРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ШАРТЫ**

Осы заңды тұлға (оның филиалы немесе өкілдіктері), шетелдік дипломатиялық және елшілік өкілдік, жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатордың пайдасына жеке тұлғалардан төлемдер қабылдау және аудару бойынша қызметтер көрсету шарты (бұдан әрі – Шарт) «Jusan Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) заңды тұлғаның (оның филиалдарының немесе өкілдіктерінің), шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктің, жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың және кәсіби медиатордың (бұдан әрі – Клиент) пайдасына аударуды одан әрі жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардан (бұдан әрі – Төлеушілер) ұлттық валютамен төлемдер қабылдау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру шарттары мен тәртібін айқындайды, Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін (төменде айқындалғандай), сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін (төменде айқындалғандай) белгілейді.

Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес Банк пен Клиент арасында жасалатын Қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын Клиент Банктің қарауы бойынша қол қойылған Шартқа қосылу туралы өтініштің (бұдан әрі – қосылу туралы өтініш) негізінде Шартқа тұтастай қосылу жолымен ғана, келесі тәсілдердің кез келгені бойынша қабылдауы мүмкін: Клиенттің (Клиенттің уәкілетті өкілінің) жеке қолымен; Клиенттің (Клиенттің уәкілетті өкілінің) электрондық цифрлық қолтаңбасымен; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қорғау іс-әрекеттерінің өзге де элементтерімен. Банк және Клиент туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Бұл ретте Қосылу туралы өтініш пен Шарт тек бірыңғай құжат ретінде қаралады.

Клиенттің қосылу туралы өтінішке қол қоюы мыналарды білдіреді:

– Клиент Шарттың талаптарын қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз толық көлемде оқыды, түсінді және қабылдады;

– Шартта ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып, қабылдамайтын Клиент үшін қандай да бір ауыр шарттар жоқ;

– егер Банкте Клиент (Клиенттің уәкілетті өкілі) қол қойған қосылу туралы өтініш болса, Клиенттің шартты оқымағандығының/түсінбегендігінің/қабылданбағандығының дәлелі ретінде Шартта оның қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқығы жоқ;

– Клиент жеке тұлғалардан Клиенттің пайдасына төлемдерді қабылдау және аудару бойынша барлық шарттармен келіседі;

– Шарттың барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен еркіне толық сәйкес келеді;

– Клиент Шарт жасасу үшін қажетті барлық рәсімдерді сақтады;

– Шарт жасасу және оның талаптарын орындау Клиенттің құрылтай және өзге құжаттарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) Клиентке қолданылатын заңнаманың кез келген ережесін бұзбайды және бұзуға әкеп соқпайды.

Шартқа барлық қосымшалар (олар болған жағдайда), егер Қосылу туралы өтініштің мәтінінде өзгеше көзделмесе, жеке тұлғалардан (төлеушілерден) Клиенттің пайдасына төлемдерді қабылдау және аудару бойынша Банк көрсететін қызметтер шеңберінде Банк Клиенттен қабылдаған өтініштер (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1. Шарттың мәні

1.1. Шарттың талаптарына сәйкес және Қосылу туралы өтініштің негізінде Банк Клиент Қосылу туралы өтініште көрсеткен қызметтер және (немесе) тауарлар үшін Клиенттің пайдасына аударуды одан әрі жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардан (бұдан әрі – Төлеушілер) ұлттық валютадағы төлемдерді қабылдауды жүзеге асырады.

1.2. Банктен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға болып табылатын Клиентпен Шарт жасасу «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

1.3. Төлемдерді қабылдау Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы банк филиалдары мен бөлімшелерінің желісі, қызмет көрсетудің қашықтағы арналары (банкомат, мобильді қосымша, веб-банкінг, төлем терминалдары және т.б.), сондай-ақ Банкте тиісті келісімдер жасалған агенттер арқылы жүргізіледі. Осы арқылы Клиент Банкке төлем жасаушылардан төлемдерді қабылдауды және Клиенттің пайдасына ақша аударуды жүзеге асыру үшін агенттерді тартуға және агенттерге Шартта көзделген ақпаратты беруге келісім береді.

1.4. Төлеушіден Клиенттің пайдасына қабылданған ақшаны аударуды Банк деректемелері Клиент қосылу туралы өтініште көрсеткен Клиенттің ағымдағы банктік шотына (бұдан әрі – Шот) жүзеге асырады. Бұл ретте Клиент банкте не екінші деңгейдегі басқа банкте ашылған Шарт бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін ағымдағы шотты көрсете алады. Банк Шоттың деректемелерін өзгертуді Клиент Банкке осындай өзгеріс жасалған күнге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын хат берген жағдайда жүзеге асырады.

1.5. Банк комиссиялық сыйақы үшін Төлеушіден Клиенттің пайдасына Банктің қолданыстағы тарифтеріне (бұдан әрі – Тарифтер) сәйкес төлемдерді қабылдауды және аударуды жүзеге асырады. Негізінде Клиент банктік қызметтер ақысын төлейтін Банктің өзекті тарифтері Банктің Интернет-ресурсында (www.jusan.kz), сондай-ақ Банк үй-жайларындағы (операциялық бөлімшелердегі) Клиенттің көруі үшін қолжетімді орында орналастырылған.

2. Төлемдерді қабылдау және аудару тәртібі мен шарттары

2.1. Банк Төлеушілерден төлемдерді қабылдауды қолма-қол ақшалай/қолма-қол ақшасыз тәсілмен әрі қарай Клиенттің пайдасына аударып, ұлттық валютада жүзеге асырады.

2.2. Төлеуші төлемді жүзеге асыру үшін қажетті ақша енгізбеген /не Төлеушінің шотында ақша жеткіліксіз болған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген төлем құжатына қойылатын талаптар сақталмаған кезде, Банк Төлеушіге төлемді қабылдаудан бас тартуға құқылы.

2.3. Төлеушілерден қабылданған төлемдер сомасын Банк Клиенттің қосылу туралы өтініште көрсеткен шотына есептейді, бұл ретте егер Клиентте:

- Банкте Шот ашылған болса, онда Төлеушіден қабылданған төлемдер сомасы Банктің операциялық күні ішінде Клиенттің шотына түседі;

- Банкте Шот жоқ болса, онда Төлеушілерден қабылданған төлемдер сомасы Банктің келесі операциялық күнінен кешіктірілмей аударылады.

2.4. Клиенттің Төлеушілерден Клиенттің пайдасына төлемдерді қабылдау жөніндегі комиссиялық сыйақыны төлеуі қолданыстағы тарифтерде көрсетілген мөлшерде және шарттарда жүзеге асырылады.

2.5. Шарт бойынша қызмет көрсеткені үшін комиссиялық сыйақыны Клиент Банктің қалауы бойынша Клиент келісетін мынадай тәсілдердің кез келгенімен төлейді:

- комиссиялық сыйақы сомасын төлем сома(-лар)сынан ұстап қалу жолымен;

- Шотты тікелей дебеттеу (комиссиялық сыйақы сомасын Шоттан есептен шығару), сондай-ақ Клиенттің Банкте ашылған басқа да банктік шоттары арқылы;

- Банктің келісімімен өзге тәсілдермен (Банктің қассасы арқылы қолма-қол ақшамен, комиссиялық сыйақы сомасын Банктің банктік шотына қолма-қол ақшасыз аударумен және т. б.).

2.6. Клиент Шарт бойынша тарифтердің мөлшері Банктің қалауы бойынша, оның ішінде төмендеу жағына қарай мынадай тәсілдердің кез келгенімен өзгеруі мүмкін екендігімен келіседі:

2.6.1. Банктің Интернет-ресурсында мына мекенжай бойынша: www.jusan.kz орналастырылған Банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттары туралы ережеде көзделген тарифтердің шекті шамалары шеңберінде ғана;

2.6.2. Осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын тарифтер мөлшерінің өзгергені туралы Клиентті хабардар ету арқылы Банктің Интернет-ресурсында ақпаратты мына мекенжай бойынша: www.jusan.kz немесе өзге Интернет-ресурста, сондай-ақ Банктің үй-жайларында (операциялық бөлімшелерде) Клиенттің көруі үшін қолжетімді орында орналастыру арқылы. Клиент өзгеретін тарифтерді қабылдаудан бас тарту туралы өтінішті Банкке ұсынбаған жағдайда, мұндай өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін Тарифтерді Клиентпен қабылдаған болып есептеледі.

2.7. Банк Күн сайын Клиентке қабылданған төлемдер туралы Шарттың 2-қосымшасына сәйкес жиынтық тізілімді электрондық түрде өткен күн үшін Қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің электрондық мекенжайына жіберу арқылы хабарлайды. Электрондық мекенжай өзгерген жағдайда, Клиент оны өзгерткенге дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын Банкке Клиенттің электрондық мекенжайының өзгергені туралы ақпаратты жазбаша түрде ұсынады.

2.8. Банк тікелей бақылауы бар төлемдерді қабылдауға және өңдеуге арналған жүйелердің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және Банкке байланысты емес себептер бойынша қызмет көрсетуді тоқтата тұрған жағдайда оны қалпына келтіру үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайды.

2.9. Банк Шарт шеңберінде Клиентпен келіспей, төлемдерді Төлеушілерден қабылдауды жүзеге асыратын үшінші тұлғаларды (сенім білдірілген өкілдерді), көрсетілетін қызметтерді берушілерді (қаржыдан басқа), оның ішінде Банк пен агент жасасатын келісімдер негізінде Электрондық терминалдар (бұдан әрі – Агенттер) арқылы Клиенттің пайдасына тартуға құқылы.

2.10. Қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша ақшаны қайтаруды Банк көрсетілген ақша есепке жатқызылған Клиенттің банктік шотынан ақшаны оның келісімінсіз алып қою арқылы жүзеге асырады.

3. Клиенттің құқықтары және міндеттері

Клиент құқылы:

3.1. Банктен Шартта және техникалық өзара іс-қимыл талаптарында көзделген талаптарда қабылданған төлемдер бойынша ақпарат алуға;

3.2. Банктің Интернет-ресурсында (www.jusan.kz), сондай-ақ Банк үй-жайларындағы (операциялық бөлімшелердегі) Клиенттің көруі үшін қолжетімді орында орналастырылған Банктің тарифтерімен танысуға;

3.3. Банкке тоқтата тұрудың (оқшаулаудың) себебі мен уақытын көрсете отырып, төлемдерді тоқтата тұру туралы кемінде 10 жұмыс күні бұрын жазбаша өтініш беруге.

Клиент міндеттенеді:

3.4. Төлеушілерге Банкке қызмет көрсету арналары арқылы төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігі туралы хабардар етуге;

3.5. Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес банкке комиссиялық сыйақы төлеуге. Комиссиялық сыйақыны төлеу үшін Клиенттің шотында қаражат жеткіліксіз болған жағдайда келесі күннен кешіктірмей оны толықтыруды қамтамасыз етуге;

3.6. Төлеушілердің сұрау салулары бойынша және олар растайтын төлем құжатын ұсынғаннан кейін қате деректермен (деректемелермен) есепке жатқызылған төлемге түзету енгізуге және төлемдердің тиісті сомасын есепке алуға бағытталған барлық іс-әрекеттер жүргізуге;

3.7. құрылтай құжаттарына өзгерістер/толықтырулар енгізілген, Клиенттің уәкілетті тұлғаларының орналасқан жері, заңды мекенжайы, телефондары, факстері, телефон нөмірлері өзгерген жағдайда, сондай-ақ Шарт талаптарын орындау үшін маңызы бар басқа да өзгерістер кезінде осындай өзгерістерді растайтын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген құжаттарды ұсына отырып, осындай өзгеріс болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде банкті жазбаша түрде хабардар етуге;

3.8. Клиент тарапынан барлық техникалық іркілістер туралы және оларды жою және Төлеушілерден төлемдерді қабылдауды қайта бастау туралы Банкке хабарлауға;

3.9. Тарифтердің өзгеруі, Шарт талаптарының өзгеруі және толықтырылуы туралы Банктің www.jusan.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ Банк үй-жайларындағы (операциялық бөлімшелердегі) Клиенттің көруі үшін қолжетімді орында өз бетінше білуге.

3.10. Банкке Банктің «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындауы үшін қажетті құжаттарды ұсынуға.

4. Банктің құқықтары мен міндеттері

Банк құқылы:

4.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Төлеушіден Клиенттің пайдасына төлем жасауды жүзеге асыру үшін Банктің талаптарында көзделген кез келген құжаттарды, сондай-ақ шот бойынша операциялар жүргізу және өзге де банктік қызметтер көрсету кезінде қажетті қосымша құжаттарды талап етіп алдыруға, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптары бойынша, сондай-ақ Банктің өзінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету үшін.

4.2. Шарттың талаптарына сәйкес тарифтерге өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізу.

4.3. Шартта көзделген талаптарға сәйкес комиссиялық сыйақы сомасын алуды (есептен шығаруды) немесе ұстап қалуды жүзеге асыру.

4.4. Клиенттің Шарт бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша Банк алдында берешегі болған жағдайда, Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан Шарттың негізінде тікелей дебеттеу жолымен ақшаны алып қоюды (есептен шығаруды) жүргізу. Ақша сомасы өзге валютада (шот валютасынан) алынған жағдайда, алынған ақшаны айырбастау қолданыстағы тарифтерге сәйкес айырбастау үшін Банктің комиссиялық сыйақысын ұстап қалумен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жүргізіледі.

4.5. Төлеуші Банкке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсынбаған жағдайда; Төлеуші төлемді/аударымды жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген кезде; төлем құжатында көрсетілген сомалардың сандармен және жазбаша сәйкес келмеуі анықталған кезде; Егер төлем құжатында Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шарттың талаптарында белгіленген өзге де талаптар сақталмаған кезде, қолдан жасау белгілері болса, Төлеушінің төлем құжатын орындаудан бас тартуға.

4.6. Біржақты тәртіпте 3 (үш) ай қатарынан Клиенттің пайдасына төлемдер болмаған жағдайда шартты орындаудан бас тартуға.

4.7. Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған не Клиент Клиент (Клиенттің уәкілетті өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету процесінде Клиент іскерлік қатынастарды Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда, Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға.

4.8. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – КЖЖТҚҚК) көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының санкциялық бағдарламалар бөлігіндегі талаптарын қоса алғанда, халықаралық шарттар талаптарының негізінде шартты орындаудан бас тартуға. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда Шартты орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді. Банк шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиенттің Шарт деректемелерінде көрсетілген мекенжайы бойынша Шартты орындаудан бас тарту туралы хабарламаны (толық) электрондық нысанда немесе пошта арқылы (Банктің қалауы бойынша) жібереді. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып есептеледі, бұл ретте Тараптар арасында қандай да бір келісімдер жасасу талап етілмейді.

4.9. Қаржы мониторингін жүзеге асыратын және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының санкциялық бағдарламалар бөлігіндегі талаптарын қоса алғанда, халықаралық шарттар талаптарының негізінде Клиентті және (немесе) клиенттің бенефициарлық меншік иесін террористік іс-әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізгені туралы ақпарат негізінде Клиенттің шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға.

4.10. Егер операцияны жүзеге асыруға, оның ішінде шет мемлекеттердің банктерінде ашылған банктің корреспонденттік шоттарын пайдалана отырып жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында, осындай шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық ұйымдардың (оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының) актілерінде, халықаралық санкцияларда, шет мемлекеттердің соттары мен басқа да құзыретті органдарының шешімдерінде тыйым салынса немесе шектеу қойылса немесе егер операцияға қатысушы/ пайда алушы шет мемлекеттердің халықаралық санкциялары немесе санкциялары қолданылған адамдардың тізбесіне енгізілген тұлға болса, Клиенттің операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ операцияны жасаудан бас тартуға.

4.11. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған, Клиент Банкте шотының болуына байланысты өз міндеттемелерін орындамаған, Шот бойынша теріс теңгерім қалыптасқан жағдайда, Клиент банкрот болған немесе

таратылған жағдайда, Клиентті қылмыстық қудалау немесе оны қылмыстық жауаптылыққа тарту, Клиентті халықаралық қудалау кезінде, егер Клиентке қатысты FATF, OFAC, БҰҰ және басқа да халықаралық/ ұлттық ұйымдар салған, бірақ олармен шектелмейтін қандай да бір санкциялар немесе шектеулер болса, егер Банкте Клиенттің террористік әрекетке және/немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) жөніндегі қызметке қатысатындығына және/немесе Клиентті қылмыстық қудалауға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін қандай да бір өзге қызметті жүзеге асыруына және/немесе Банктің пікірі бойынша Банк үшін кез келген теріс салдары болуы мүмкін өзге жағдайлардың туындауына күдік болса (және Банк өзінің күдіктерін негіздемеуі және дәлелдемеуі тиіс), Клиентпен іскерлік қарым-қатынасты Клиентке алдын ала ескертусіз тоқтатуға, Шартты тұтастай немесе оның бір бөлігін орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға, шотты (шоттарды) жабуға, осылайша шотты (шоттарды) жүргізуді және қызмет көрсетуді тоқтатуға. Осы оқиғалар басталған кезде Клиенттің Банк алдындағы барлық міндеттемелері дереу орындалуға жатады. Бұл ретте Банк Клиенттің нұсқауларын орындауды кешіктіру немесе тоқтата тұру арқылы келтірілген залалдар үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. Банк мүмкіндігіне қарай салымшыға Шарттан осындай бас тарту және шотты (шоттарды) жабу туралы хабарлама жіберуге құқылы, бірақ міндетті емес.

4.12. Уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) лауазымды адамның Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі немесе Клиенттің шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілері Банкке келіп түскен жағдайда, Шот бойынша операцияларды тоқтата тұруға, сондай-ақ Клиентті банк пен клиент арасында жасалған кредит беру туралы шарт негізінде нысаналы мақсаты бар және шотқа түскен қарыз қаражаты сомасы шегінде шоттағы ақшаға билік етуді шектеуге.

4.13. Мына жағдайларда банктік қызмет көрсетуден бас тартуға:

- Клиенттің және/немесе Клиенттің бенефициарлық меншік иесінің (қатысушының/құрылтайшының/акционердің) және/немесе Клиенттің кез келген уәкілетті тұлғасының деректері ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қатысы бар тұлғалар тізбесінде көрсетілген тұлғалардың деректерімен сәйкес келеді, егер олар алаяқтар немесе жалған кәсіпкерлер тізімінде болса;

- Клиенттің резиденттік елі Банкпен ынтымақтастыққа жол берілмейтін санкциялар немесе өзге де шектеулер енгізілген немесе ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты тиісті түрде іске асырылмаған елдердің тізбесімен сәйкес келеді;

- Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, халықаралық талаптарға, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес міндетті түрде болуы тиіс, оны сәйкестендіруге немесе ол жүргізетін операцияларға қатысты ақпаратты негізсіз себептер бойынша ұсынбады.

4.14. Шарт шеңберінде ҚЖЖТҚҚІҚ туралы Заңға сәйкес қаржы мониторингі субъектілері болып табылатын және төлем ұйымы мәртебесі бар агенттерді клиенттің пайдасына Төлеушілерден төлемдер қабылдау жөніндегі қызметтерге Клиентпен келіспей тартуға.

Банк міндеттенеді:

4.15. Шартта көзделген талаптармен Клиенттің пайдасына қолма-қол/қолма-қол емес тәсілмен төлемдерді қабылдауға.

4.16. Төлеушілерден қабылданған сомалар Клиентке Шарттың талаптарына сәйкес аударылсын (қабылданған төлемдер сомасынан Банк Шартта көзделген Банктің комиссиялық сыйақысын ұстап қалуға құқылы).

4.17. Клиент Банкке Банк талап ететін барлық құжаттарды ұсынған жағдайда, Тараптар Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлемдерді қабылдауға және оларды аударуға кірісуге.

4.18. Агенттерге Шарттың талаптары және Шарттың талаптарын орындамағаны және /немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік туралы хабарлауға.

4.19. Банк пен Агент арасындағы шартта белгіленген тәртіппен Агенттің «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң), банктік және коммерциялық құпия туралы заңнаманың талаптарын және төлем қызметтерін көрсету талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыруға.

5. Тараптардың жауапкершілігі

Банктің жауапкершілігі:

5.1. Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

Клиенттің жауапкершілігі:

5.2. Клиент өзі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасайтын операциялардың заңдылығы үшін, оның ішінде жасалатын операциялардың оның жарғылық қызметіне сәйкестігі үшін, сондай-ақ шот ашу және ол бойынша операциялар жүргізу үшін негіз болатын Банкке ұсынылатын құжаттардың шындыққа сәйкестігі үшін жауапты болады.

Жауапкершілікті алып тастау:

5.3. Егер мұндай жағдайлар уәкілетті мемлекеттік органдардың шектеу-тыйым салу сипатындағы актілерді/шараларды қабылдауын, бағдарламалық қамтамасыз етудің іркілістерін, электр энергиясының ажыратылуын, байланыс желісінің зақымдануын және тараптардың еркінен тыс және Шарттың нысанасына тікелей қатысы бар басқа да мән-жайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталуының салдары болып табылса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайлар үшін жауапты болмайды.

5.4. Егер Төлеуші осындай төлем құжатында қате жіберген болса, Төлеуші төлем құжаттарында және/немесе Төлеушілердің төлемдерін жүзеге асыруға негіз болатын құжаттарда, оның ішінде қате орындалған төлем құжаттарында көрсеткен мәліметтердің дұрыстығы үшін Банк жауапты болмайды.

5.5. Егер Клиенттің Банк шотына ақша аудару электр энергиясының, телефон байланысының немесе интернет байланысының уақытша болмауы салдарынан кешіктірілген болса, Банк Шарт талаптарын бұзғаны үшін жауап бермейді.

5.6. Клиент Шарттың 3.7.т. қарастырылған тәртіпте деректемелердің өзгергені туралы хабардар етпеген жағдайда, Банк Шарттың талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды.

5.7. Клиенттің шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қоюдың (есептен шығарудың) негізділігі үшін төлем құжатының бастамашысы жауапты болады. Банк Клиенттің шоттардан оның келісімінсіз ақшаны алып қоюға (есептен шығаруға) қарсылығын мәні бойынша қарамайды.

5.8. Банк Клиенттің не үшінші тұлғалардың анық емес, толық емес немесе дәл емес нұсқаулықтарының нәтижесінде, техникалық іркілістер және Банкке байланысты емес басқа да себептер бойынша туындаған Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ Шарттың 3.8-тармағына сәйкес туындаған техникалық іркіліс туралы Банкке хабарламаған жағдайда Клиент алдында жауапты болмайды.

5.9. Банк Клиенттің Шартта көзделген міндеттерді орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы нәтижесінде туындаған Клиентке келтірілген залал үшін жауапты болмайды.

5.10. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған шоттағы ақшаға тыйым салу салдарынан Клиенттің пайдасына төлеушілерден қабылданған төлемдерді қабылдау және аудару жөніндегі операцияларды тоқтата тұру нәтижесінде Клиентке келтірілген залалдар үшін; сондай-ақ үшінші тұлғалардың Клиенттің шотынан ақшаны оның келісімінсіз алып қоюы (есептен шығаруы) нәтижесінде Клиентке келтірілген залалдар үшін жауапты болмайды.

6. Шарттың қолданылу мерзімі

6.1. Қосылу туралы өтініш қабылданған, ал Шарт – егер Қосылу туралы өтініштің мәтінінде өзгеше көзделмесе, Клиент (Клиенттің уәкілетті өкілі) қол қойған Қосылу туралы өтінішті Банк қабылдаған сәттен бастап оған тиісті белгі қою не Клиентке (Клиенттің уәкілетті өкіліне) Банктің Қосылу туралы өтінішті қабылдағанын растаудың қашықтықтан тәсілімен жіберу арқылы жасалған деп есептеледі.

Шарттың қолданылу мерзімі шектелмейді және Тараптардың мүдделілігінің болуымен айқындалады.

6.2. Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын екінші Тарапқа бұл туралы алдын ала жазбаша хабарлаған жағдайда, Шарт Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін. Бұл ретте, тараптар шартты мерзімінен бұрын бұзған күнге дейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша толық өзара есеп айырысуды жүргізуге міндеттенеді.

7. Дауларды шешу тәртібі

7.1. Шартта реттелмеген мәселелер бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

7.2. Шартты орындау процесінде туындайтын немесе оған байланысты (оның ішінде санкцияланбаған операциялар бойынша) барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бірлесіп қарайды.

7.3. Шартқа байланысты келіссөздер жолымен реттелмеген барлық даулар жауапкердің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында талапкердің/өтініш берушінің таңдауы бойынша қаралуға жатады (Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің талаптарына сәйкес айрықша соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда).

7.4. Төлеуші мен Клиент арасындағы есеп айырысулар бойынша өзара шағымдарды Банктің қатысуынсыз тікелей өздері қарайды.

8. Шартты өзгерту тәртібі

8.1. Банк бұл туралы ақпаратты Банктің www.jusan.kz интернет-ресурсында орналастыра отырып, Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға құқылы. Тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат Клиенттің назарына көрсетілген тәсілмен осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жеткізіледі.

8.2. Клиенттің Банкке шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Клиентті хабардар еткен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, шарт талаптарының қабылданбауы туралы өтініш бермеуі Клиенттің Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісетінін және Клиентті Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен хабардар ету мерзімі аяқталған күннен бастап қолданысқа енгізілетін енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, оған тұтастай қосылатынын білдіреді.

8.3. Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін ол өзгертілген / толықтырылған түрде қолданылуын жалғастырады.

8.4. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Шартқа өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізуді талап ететін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу кезінде Шарт тараптары Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

9. Құпиялылық

9.1. Шартқа байланысты Тараптар бір-біріне беретін кез келген ақпарат құпия ақпарат болып табылады және егер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарынан немесе Шарттың талаптарынан өзгеше туындамаса, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімін алмай үшінші тұлғаларға жария етуге болмайды.

9.2. Егер құпиялылық Клиенттің кінәсінен бұзылса немесе құпия ақпарат өзге көздерден үшінші тұлғаларға белгілі болса не алдағы уақытта белгілі болатын болса, Банк жауапты болмайды;

9.3. Қосылу туралы өтініш бере отырып, Клиент Шартта көзделген операцияларды жүзеге асыру мақсаттары үшін Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес Банктің оларда бекітілген ақпаратты ашу деңгейін сақтау қажеттілігін белгілейтін ішкі құжаттарының кез келген ақпаратын ашуды талап етуге құқылы екендігімен келіседі, ал Клиент Банкке оның бірінші талабы бойынша Банк белгілеген мерзімде кез келген ақпаратты беруге міндеттенеді.

9.4. Қосылу туралы өтініш бере отырып, Клиент келесі үшінші тұлғаларға Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз шарт негізінде құпия негізде ұсынуға Банкке сөзсіз және қайтарып алынбай уәкілеттік береді:

а) Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, Банктің үлестес заңды тұлғаларына; олардың сұрау салуы бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға, соттарға, құқық қорғау органдарына (оның ішінде анықтау және (немесе) алдын ала тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік органдарына) не Клиент Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда не Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда; Банк Шарт бойынша өзінің талап ету құқықтарын беретін кез келген үшінші тұлғаларға, Клиентке және (немесе) Шартқа және (немесе) Банк пен Клиент арасында жасалған басқа шарттарға қатысы бар, оның ішінде өз қолданысын тоқтатқан, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банктік құпияны, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын барлық және кез келген ақпаратты;

б) Талдамалық пікіртерді жүзеге асыру, берешекті қайтару жөніндегі қызметтерді, консультациялық, заңдық, аудиторлық және ақша төлемін және (немесе) аударымын жүзеге асыруға байланысты өзге де қызметтерді (оның ішінде корреспондент-банктерге, төлем карточкалары жүйелеріне және т. б.) қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, өзге де қызметтер көрсету үшін Банк, Банк акционерлеріне және/немесе Банктің үлестес тұлғалары жалдаған немесе алдағы уақытта жалдайтын кез келген үшінші тұлғаларға, осындай үшінші тұлғаларға банк, банк акционерлері және (немесе) банктің үлестес тұлғалары алдындағы өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік беру үшін, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өз функцияларын іске асыру үшін Клиентке және (немесе) Банк және (немесе) Клиент және (немесе) үшінші тұлғалар арасында жасалған, оның ішінде өз қолданысын тоқтатқан Шартқа және (немесе) өзге де шарттарға қатысы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банктік құпияны, сондай-ақ Банкке, Банктің акционерлеріне және (немесе) банктің үлестес тұлғаларына тиісті қызмет көрсету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасы шеңберінде өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті және жеткілікті коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын кез келген ақпаратты (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кіріс органдарына, сондай-ақ осындай ақпаратты/мәліметтерді беру қажеттілігі/ міндеті туындайтын/болатын өзге де жағдайларда есептерді/есептілікті/ақпаратты ұсыну);

в) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетелдік салық органдарына, оның ішінде АҚШ салық органдарына (IRS) және шетелдік салық агенттеріне, Клиентке және (немесе) Шартқа және (немесе) Банк пен Клиент арасында жасалған өзге де шарттарға қатысы бар, оның ішінде өз қолданысын тоқтатқан, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалғандай банктік құпияны, сондай-ақ коммерциялық және (немесе) заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын кез келген ақпаратты, Қазақстан Республикасы ратификациялаған Халықаралық шарттардың талаптарын іске асыру мақсатында.

9.5. Клиент 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке Банк ақпаратына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін Банкке тиісті растайтын құжаттарды ұсына отырып, Клиент туралы кез келген, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың, Клиенттің (Клиенттің уәкілетті өкілінің) дербес, биометрикалық және (немесе) өзге де деректерінің өзгергені туралы Банкке жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

10. Дербес деректер

10.1. Осымен Клиент жеке тұлғалардың (өз қызметкерлерінің/ өкілдерінің/ уәкілетті тұлғалардың) Банктің олардың дербес деректерін жинауына және өңдеуіне, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке, оларды Банктің жинауына және өңдеуіне, тиісті шет мемлекеттің берілетін дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуіне қарамастан, егер мұндай беруге Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған немесе шектелмеген болса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге де жағдайларда Шарт бойынша (уәкілетті тұлғалар мен өкілдер бойынша) Банкке берілген және болашақта берілуге тиіс дербес деректерді трансшекаралық беруге қажетті тиісінше ресімделген келісімдері бар екеніне көпілдік береді.

Банк айқындайтын қажет болған жағдайда, Клиент Банкке Дербес деректер субъектілерінен Клиент жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банктің жинауына және өңдеуіне, трансшекаралық беруге келісімдерінің болуына құжаттамалық растауды ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Клиент Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.

10.2. Банк Клиенттің өз қызметкерлерінен/өкілдерінен/уәкілетті тұлғаларынан келіп түсетін дербес деректерінің құпиялылығы мен қауіпсіздігін және оларды Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасының талаптарына (бұдан әрі – Дербес деректер туралы Заң) сәйкес шарттың мақсаттары үшін және оны орындауға байланысты өңдеу кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндеттенеді.

10.3. Банк:

- Клиенттің қызметкерлері/ өкілдері/уәкілетті тұлғалары туралы дербес деректерді жинауды, өңдеуді және таратуды Дербес деректер туралы заңға қайшы келмейтін тәсілдермен жүзеге асыруға міндеттенеді;
- Клиенттің қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне қол жеткізу шарттарын өз бетінше анықтауға құқылы;
- дербес деректерді өңдеу мақсаттары талап еткеннен аспайтын мерзімде сақтауға және қолданыстағы Дербес деректер туралы Заңның талаптарын ескере отырып, өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;
- Шартты орындау шеңберінде дербес деректер туралы Заңның өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;
- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын әрекеттер туралы біреуге хабарлауға міндетті емес.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Шарт Тараптардың оның нысанасына байланысты толық өзара түсіністігін білдіреді және Шарттың талаптарына қатысты Тараптар арасында болған барлық алдыңғы жазбаша немесе ауызша келісімдерді немесе уағдаластықтарды алмастырады.

11.2. Шарт Тараптар, олардың құқықтық мирасқорлары және уәкілетті өкілдері үшін міндетті болып табылады.

11.3. Егер Шарттың қандай да бір ережесі күшін жойса, жарамсыз немесе заңсыз болса, бұл Шарттың қалған ережелерінің жарамдылығы мен заңдылығына қандай да бір түрде әсер етпеуге немесе әлсіретпеуге тиіс. Мұндай жағдайларда Тараптар жарамсыз ережені жаңа заңды мәнге ауыстыру үшін бар күшін салады.

11.4. Қосылу туралы өтініш бере отырып, Клиент мыналарды растайды:

а) Клиент ұсынған, шарт жасасу және орындау мақсаттары үшін ұсынылған барлық ақпарат дұрыс, толық және дәл болып табылады/табылады;

б) Шарт жасасу Клиент тарапы болып табылатын кез келген шарттарға, оның жарғылық құжаттарына, сондай-ақ Клиент сақтауға міндетті немесе оған қолданылатын кез келген өзге талаптарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және клиенттің резиденттік елінің заңнамасына қайшы келмейді және қайшы келмейді;

в) Клиент өзінің резиденттік елінің заңнамасына сәйкес тиісті түрде құрылған және тіркелген;

г) Клиент және Клиенттің өкілетті өкілдері, уәкілетті тұлғалар тиісті корпоративтік органдардан/мемлекеттік органдардан Шарт жасасуға және орындауға барлық қажетті құқықтар мен өкілеттіктерге ие;

д) Клиент қаржылық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарын орындайды және алдағы уақытта орындайды, оның ішінде Клиент қаржылық қызметтерді жеткізуші ретінде Банкті таңдау бойынша барлық қажетті рәсімдерді жүргізді, - егер Клиент табиғи монополия, мемлекеттік сатып алу субъектісі болып табылған жағдайда немесе оған қаржылық көрсетілетін қызметтерді сатып алудың тәртібі мен шарттарын айқындайтын өзге де талаптар қолданылады.

11.5. Клиент Банктің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, терроризм, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және т.б. сияқты қылмыстық әрекеттерге және ақшаны жылыстату схемаларына Банкті тарту жағдайларының алдын алу бойынша белсенді жұмыс істейтінін мойындайды және келіседі. Банк жұмысының стандарттары Банктің беделін сақтауға және қорғауға, сондай-ақ Клиенттердің Банктің парасаттылығына деген сеніміне нұқсан келтірмеуге бағытталған. Осыған байланысты, Банк өз қалауы бойынша Банк Клиенттеріне және мерзімді түрде өзгеруі мүмкін Банк клиенттері жасайтын мәмілелер мен операцияларға белгілі бір талаптарды белгілейді. Осылайша, Банк Банктің қандай да бір Клиенті не сол немесе өзге мәміле немесе Банк клиентінің операциясы ерекше/күдікті клиенттер және (немесе) мәмілелер санатына жатқызылуы мүмкін өлшемшарттарды белгілеуі мүмкін.

11.6. Осы арқылы Клиент Клиент шарт бойынша (уәкілетті тұлғалар мен өкілдер бойынша) Банкке берген және болашақта беруге тиіс дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге де жағдайларда, Клиент өзі берген Дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банктің жинауына және өңдеуіне, егер мұндай беруге Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған немесе шектелмеген болса, тиісті шет мемлекеттің берілетін дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуіне қарамастан, дербес деректерді трансшекаралық беруге алдын ала келісім алғанын растайды.

Банк айқындайтын қажет болған жағдайда, Клиент Банкке Дербес деректер субъектілерінен Клиент жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банктің жинауына және өңдеуіне, трансшекаралық беруге келісімдерінің болуына құжаттамалық растауды ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Клиент Банктің талап етуі бойынша банкке келтірілген кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.

11.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе.

Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

а) қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға ақшаны немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді;

б) Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында пара беру/алу, параға коммерциялық сатып алу, сыбайлас жемқорлық ретінде сараланатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін/өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақша, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және осы тармақта көрсетілмеген, қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

Қызметкердің оны ынталандырушы Тараптың/Клиенттің пайдасына жүзеге асырылатын іс-әрекеттері деп мыналар түсініледі:

а) басқа контрагенттермен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар беру;

б) қандай да бір кепілдіктер беру;

в) қолданыстағы процедураларды жеделдету;

г) қызметкер өзінің лауазымдық міндеттері шеңберінде орындайтын, бірақ тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың айқындығы мен ашықтығы қағидаттарына қайшы келетін өзге де әрекеттер.

11.8. Баптардың орналасу тәртібі, баптардың атаулары және Шартта қамтылған басқа да тақырыптар қолайлылық үшін пайдаланылған және Шарттың қандай да бір ережелерінің қандай да бір шектеулерін, сипаттамаларын немесе түсіндірмелерін қамтымайды.

11.9. Шарт орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жасалды. Шарттың қазақ және орыс, ағылшын тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

11.10. Шарт Клиенттің талап етуі бойынша оған қосылу туралы өтінішке қол қойған кезде, оларды қолдану, орындау және сақтау ыңғайлылығы үшін тапсырылады. Егер Клиент Шартта көзделгеннен басқа, банк ұсынатын өзге де қызметтерді алғысы келген жағдайда, тиісті қызметтер көрсетуге жекелеген шарттар жасасу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де талаптарды сақтау талап етіледі.

11.11. Егер шартта өзгеше көзделмесе, Шарт талаптарына сәйкес жіберілуге жататын барлық хабарламаларды Банк мынадай тәсілдердің кез келгенімен жібереді: пошта арқылы/факс арқылы/электрондық мекенжайға/ «Интернет-Банкинг» жүйесі арқылы /Шартқа қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің мобильді телефонының нөмірі бойынша SMS-хабарлама жіберу/Банктің Интернет-ресурсында ақпарат орналастыру/ Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша үй-жайларында ақпарат орналастыру жолымен.

Банктің деректемелері

A26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қ. Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев д-лы, 242-үй

БСН 920140000084

Қазақстан Республикасының Ұлттық Бакіндегі ЖСК KZ48125KZT1001300336

БСК TSESKZKA .

Электронды мекенжайы: _____

Ресми интернет-ресурсы: www.jusan.kz

Заңды тұлғаның (оның филиалдары немесе өкілдіктерінің), жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың және кәсіби медиатордың шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдігінің пайдасына жеке тұлғалардан төлемдерді қабылдау және аудару жөніндегі қызметтер көрсету шартына
2-қосымша

Операциялық күннің/есептік кезеңнің ішінде қабылданған төлемдер тізілімі (сұрату бойынша)

_____ жыл үшін «Jusan Bank» АҚ қабылдаған төлемдердің күн сайынғы тізілімі

(Банктің бөлімшелері (кассалары), қашықтағы арналар (интернет-банкинг/мобильді қосымша және басқа арналар) және Банктің электронды терминалдары арқылы)

Қабылданған төлемдер тізілімі тек сәтті өткізілген төлемдер бойынша ақпаратты қамтиды.

1	2	3	4	5, 6, 7 ...	11
№	Күні және уақыты	Төлем сомасы	Банктің комиссиялық сыйақысы	Төлемді бастау кезінде төлем нысанының қосымша параметрлері (қажет болған жағдайда толықтырылсын)	Ескертпе

Бекітілген:

«Jusan Bank» АҚ Басқармасымен
15 желтоқсан 2021 ж. № 169-21 хаттама

"Jusan Bank" АҚ Басқармасы бекіткен
өзгерістер мен толықтырулармен
21 қазан 2022 жыл № 129-22 хаттама

Директорлар кеңесімен
31 Қаңтар 2022 ж. № 31/01/22-01 хаттама/шешім

"Jusan Bank" АҚ Директорлар кеңесі бекіткен
өзгерістер мен толықтырулармен
25 қараша 2022 жыл № 25/11/22-01 хаттама

Банк